

Пайдалану бойынша нұсқаулық

DMM-BM2L01 LCD/LED мониторларына
арналған кронштейн

DEXP

Құрметті сатып алушы!

Өнімдерімізді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға құаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар берілген. Осы нұсқаулықтың сақталуына қамқорлық жасаңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты

Бұл бұйым бір немесе бірнеше мониторларды орналастыруға арналған.


Сақтық шаралары

- Бұл кронштейн тек үй-жайларда пайдалануға арналған.
- Кронштейнді орнатуға арналған жиынтықта жұтқан кезде тұншығу қаупін тудыратын кішкентай бөлшектер бар. Мұндай бөлшектерді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.
- Орнату кезінде жиынтықта келетін бұрандаларды пайдаланыңыз. Оларды мықтап тартыңыз, бірақ тым қатты тартпаңыз. Шамадан тыс тарту элементтердің зақымдануына әкелуі мүмкін.
- Кронштейнді жинап, оған мониторды орнатпас бұрын VESA стандарттарына, экран диагоналіне және өнімнің максималды рұқсат етілген жүктемесіне назар аударыңыз.


Салмағы көрсетілген есептік салмақтан асатын мониторлармен кронштейнді пайдалану олардың тұрақсыз жағдайына және құлауына әкеп соғуы мүмкін.

- Бұйымды жинау және монтаждау "Орнату жөніндегі нұсқаулық" бөліміне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Дұрыс емес жинау зақымдану мен жарақаттануға әкелуі мүмкін.
- Кронштейнді орнату үшін арнайы жабдықтар қажет болуы мүмкін: бұранда бұрағыш, бұрғы (жиынтыққа кірмейді). Жеке қорғаныс құралдарын пайдалану ұсынылады (жиынтыққа кірмейді). Орнатуды кәсіби мамандар орындауы тиіс.
- Кронштейннің бекітілу сенімділігіне үнемі тексеріп отырыңыз (шамамен 3 айда 1 рет).
- Кронштейннің құрылымына өзгерістер енгізбеңіз.
- Бұйым балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылау жүргізетін жағдайларды қоспағанда, олардың пайдалануына арналмаған. Балалардың бұйыммен ойнауына жол бермеңіз.
- Бұйым коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.


Жалпы өлшемдері




Орнату бойынша нұсқаулық




A (× 2)



B (× 2)




C (× 2)



D (× 1)



E (× 1)



F (× 1)



G (× 8)
M4×12



H (× 2)
M6×10



I (× 2)
M8×20



J (× 2)
M8×35



K (× 2)
M8×65



L (× 8)
D5



M (× 1)
4 mm






N (× 1)
5 mm

Орнату



1

Сіз струбцинаны екі тәсілмен орната аласыз:


1-тәсіл. Үстелдің шетіне (қалыңдығы 10–75 мм үстелдер үшін).




2-тәсіл. Үстелдегі тесік арқылы (қалыңдығы 10-45 мм үстелдер үшін; монтаждау тесіктері 10-60 мм).




Бұрандама қысқыштың негізін үстелге мықтап бекіту үшін бұрандаларды кезекпен бұраңыз.





7



Серіппенің керілуін сол жақтағы суретте көрсетілгендей кронштейн көлденең орналасқан кезде ғана реттеңіз. Алты қырлы кілтті пайдаланыңыз. Реттеуді көмекшімен жүргізу ұсынылады.




Егер кронштейн ерікті түрде төмен түссе/көтерілсе, реттегіш бұранданы "+" / "-" белгісіне қарай көлденең қалыпта бекітілгенше бұраңыз.




Назар аударыңыз!
Бұрамаларды қатты тартпаңыз.



Монитордың көлбеулік бұрышын реттеу үшін суреттегідей бұрандаларды бұраңыз.





Мониторды қажетті бұрышқа реттеңіз.



8



Назар аударыңыз!
Тұрақтылықты бұзып, аударылып кетпеу үшін мониторды үстелдің шетіне бұрмаңыз.



Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: DMM-BM2L01.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Максималды жүктеу: 1 мониторға 10 кг .
- Монитор экранының диагоналі: 17–32”.
- Бұрылу бұрышы: 90°.
- Көлбеу бұрышы: -45°-тан +80°-қа дейін.
- VESA стандарттары: 75 × 75; 100 × 100.
- Қолдану саласы: тұрмыстық.

Жинақталым

- Кронштейн.
- Бекіткіш жиынтығы.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Кепілдік туралы ақпарат

Өндіруші өнімнің барлық кепілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен құрастыруда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсетуге өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 84 ай.

Пайдалану мерзімі: 84 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Бұйымды монтаждаудың ережелері мен шарттары осы нұсқаулықтың "Орнату нұсқаулығы" бөлімінде сипатталған.
- Бұйымды сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында қаптамада, ауа температурасы 10 °С-тан 25 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда жүргізілуі тиіс. Бөлмелерде коррозия туғызатын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Бұйымды тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұйым күтімді қажет етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т.б. қорғау керек.
- Бұйымды өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның ақауы анықталған жағдайда дереу уәкілетті сервистік орталыққа жүгіну немесе бұйымды кәдеге жарату қажет.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжэцзян Пужуй Нью Материал Ко., Лтд.
№399, Чжэньлун 6-тасжолы, Биньхай экономикалық даму аймағы, Цыси қ., Чжэцзян провинциясы, Қытай.
Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС,
Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим.,
Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Өнім сапасын жақсарту үшін сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

